



ҚҰСТАРҒА –
ҚАМҚОРЛЫҚ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



САУДА САЯСАТЫ:
ДАМУ ДАНҒЫЛЫ
ДҰРЫС ПА?

5-БЕТ | САРАПТАМА



ӨНЕР ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІН
ЖАҢҒЫРТТЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Қазір кім қорқынышты? Өз ішіміздегі
нигилистер қорқынышты. Еншісі
бөлінбеген қазақты ру-руға таратушылар
қорқынышты. Ұлттың несібесін ұрлаушылар
қорқынышты. Бір оқ шығармай ұлт санасын
улап, иман ұрлаушылар қорқынышты.

Шерхан МҰРТАЗА

”

№36
(4780)
Сенбі
29 наурыз
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАРИХИ ОТАНЫМЕН ТАБЫСТЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылдың басынан бері елімізде 2 185 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды.

Тарихи отанымен қауышқан қандастардың 46,4 пайызы – Қытайдан, 41 пайызы – Өзбекстаннан, 7,1 пайызы – Түрікменстаннан, 1,9 пайызы – Ресейден, 1,6 пайызы Монғолиядан және 2 пайызы басқа елдерден келген.

1 наурыздағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 60,8 пайызды, кемелетке толмағандар 30,8 пайызды және зейнеткерлер 8,4 пайызды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 16,8 пайызы жоғары білімді, 30,7 пайызы орта кәсібі білімді, 50,8 пайызы жалпы орта білімді және 1,7 пайызының білімі жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 150 мыңнан астам этникалық қазақ оралды.



МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай медалі туралы Жарлыққа қол қойды.

Жарлық қағидаларына сәйкес мерекелік медальмен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері және өзге де соғысқа қатыстығы бар адамдар наградталады. Мерекелік медальмен наградталатын адамдардың тізімдерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті әскери басқару органдары жасайды.

Мерекелік медальдар Қазақстан Республикасының Президенті атынан және оның тапсырмасы бойынша тізімдер бекітілген күннен бастап алты айдан кешіктірмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары табыс етеді. Наградталатын адамға мерекелік медальмен бірге медальдың куәлігі беріледі.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Елордада көктемгі ағаш отырғызу кезеңіне дайындық жұмыстары басталды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында биыл Астананың барлық аудандарында жасыл желек отырғызу былтырғыдан да көп болатыны жоспарланып отыр. Сондай-ақ елордада сәуір айынан бастап экологиялық айлық өткізіледі.

4



Елордада бірнеше бағдарларға қосымша автобустар қосылды. Бұл туралы қаладағы қоғамдық көлік қызметін үйлестіретін CTS компаниясы хабарлады.

Атап айтқанда, бұрын 13 автобус жүретін №14 бағдарда енді 15 автобус жүретін болады. №84 бағдарға да бір қосымша автобус қосылды. Сондай-ақ қала маңына жүретін №306, 307 және 326 бағдарларында да қоғамдық көлік саны бір автобуска көбейді.



Елорданың Сарайшық ауданында зейнеткерлерге арналған тағы бір белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды.

А-91 көшесі, 16 үй мекенжайындағы «Жұлдыз» тұрғын үй кешенінде орналасқан орталықта зейнеткерлер үшін денсаулық шыңдауға және мәдени-әлеуметтік демалыстарды ұйымдастыруға жағдай жасалған.

Орталыққа тіркелу жеке және зейнеткерлік куәліктері арқылы жүргізіледі. Анықтама алу телефоны: 7-707-400-19-61

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 545.37 \$ USD/KZT 502.83 ₸ RUB/KZT 5.95 ¥ CNY/KZT 69.43

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ВИЗА БЕРУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық комиссияның вице-президенті Кая Калласпен кездесті.

Кездесуде Қазақстанның Еуропа Одағымен сан қырлы ықпалдастығының перспективасы талқыланды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарына, атап айтқанда, энергетика, өнеркәсіп, цифрландыру, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамытуды көздейтін ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне ерекше мән берілді.

Кая Калластың айтуынша, Қазақстан – Еуропа Одағымен серіктестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойған аймақтағы алғашқы

елдердің бірі. Бұл екіжақты қарым-қатынастың деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Ол Еуропалық комиссия мен Қазақстан арасында виза беру тәртібін жеңілдету жөніндегі келісімді бекіту үдерісі басталғанын мәлімдеді. Мемлекет басшысы қазақстандықтар аталған жаңалықты өте жылы қабылдағанын атап өтіп, бұл қадам еуропалық елдермен жеке және іскерлік қатынастарды нығайтуға мол мүмкіндік беретінін айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кая Каллас халықаралық және өңірлік күн

тәртібіндегі өзекті тақырыптар жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы жаһандық тұрақсыздықты ескере отырып, әлемде болып жатқан күрделі оқиғаларға баға беруде байыптылық пен жауапкершілік танытудың айрықша маңызға ие екеніне тоқталды. Президенттің пікірінше, Қазақстан барлық өзекті халықаралық мәселелер мен қақтығыстарды дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуді берік ұстанады.

Кездесуде сондай-ақ «Орталық Азия – Еуропа Одағы» форматындағы ықпалдастықтың жай-күйі қаралды.



ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСІМГЕ ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІЗ?

Сенатта Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысы өтті және онда депутаттар 2024 жылғы 20 ақпанда Үкімет сағатында қабылданған ұсыныстарды жүзеге асыру нәтижесімен танысты. Отырыстың негізгі тақырыбы – ұлттың стратегиялық артықшылығы ретінде тұрақты демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді орындау болды.

Талқылау барысында демографиялық үрдістер мен оларды реттеу іс-шаралары жөніндегі мәліметтер ұсынылды. Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері демографиялық өзгерістерді ескере отырып, еліміздің барлық макроаудандарының теңдестірілген дамуын қамтамасыз етуге бағытталған аймақтық дамудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмыстар туралы баяндады. Халықтың негізгі инфрақұрылымға біркелкі қолжетімділігін қамтамасыз етуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға баса назар аударылды.

«Демографиялық өсім әлеуметтік тұрақтылықтың көрсеткіші ғана емес, сондай-ақ еліміздің экономикалық дамуының негізгі факторы бо-

лып табылады. Мемлекеттік бағдарламалар отбасыларға қолайлы жағдай жасауға, аймақ инфрақұрылымын жақсартуға және жас ұрпақты қолдауға бағытталуы маңызды. Тек осылай ғана халықтың тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра аламыз» деп атап өтті Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп.

2025-2030 жылдарға арналған аймақтық саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды жүзеге асыру негізгі бағыттардың бірі болды. Осы орайда еліміздің географиялық және экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, бес макроауданға бөлу көзделген жаңа аймақтық даму тұжырымда-

масының жобасы талқыланды. Депутаттар тұрғындарды қайта орналастыру саясатын одан әрі жетілдіру, аймақтардың экономикалық тәуелсіздігін арттыру және әлеуметтік әл-ауқатқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттігіне қолдау білдірді.

Отырыс қорытындысы бойынша ұсыныстарды жүзеге асыру жұмыстары жалғаса беретіні және мемлекеттік органдар демографиялық өсімді қолдау шараларын одан әрі жетілдіре түсетіні атап өтілді. Сенаторлар барлық мүдделі тараптың келісілген әрекеттері халық санының тұрақты өсуіне және еліміздегі әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретіні туралы сенім білдірді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияның Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоянды қабылдады. Қазақстан Президенті екі ел басшыларының былтыр Қазақстан мен Арменияға жасаған сапарлары өзара қарым-қатынасты жан-жақты дамытуға айтарлықтай серпін бергенін атап өтті.

«Сіздің Астанаға алғашқы ресми сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту тұрғысынан маңызды. Біздің армян халқы мен Сіздің мемлекетке деген құрметіміз бөлек» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Бейбітшілік туралы келісім жобасы бойынша келіссөздердің аяқталып, Ереван мен Баку арасындағы мемлекетаралық қарым-қатынастың жандануын қолдайтынын жеткізді. Президенттің пікірінше, бұл айтулы оқиға Армения мен Әзербайжан арасында бейбіт

келісім орнатуға негіз қалап, аймақтың Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуға, сондай-ақ қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді.

Өз кезегінде Арменияның Сыртқы істер министрі қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдірді. «Біз Сіздің екі ел арасындағы ықпалдастыққа қатысты ұстанымыңызды қолдаймыз» деді Арарат Мирзоян. Ол Армения мен Қазақстанның Сыртқы істер министрліктері және басқа да ведомстволары

Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр Ереванға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру бойынша жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты байланысты ілгерілету перспективасы қарастырылды. Қазақстан Президенті отандық бизнес өкілдерінің Арменияға тауар тасымалын 350 миллион долларға дейін ұлғайтуға дайын екенін мәлімдеді.



БОАО АЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Боао Азиялық форумының (БАФ) 24-сессиясына қатысу шеңберінде Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Дин Сюэсянмен кездесті. Кездесу барысында Роман Скляр Қазақстан – Қытай мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігін нығайтуға және сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға күш салуға дайын екенін білдірді.

Дин Сюэсян екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдетудің және мемлекеттер басшылары арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

Тараптар ҚР-ҚХР Ынтымақтастық комитеті отырысының қорытындыларына оң баға беріп, өңіраралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Екі ел үкіметтерінің басшылығы деңгейіндегі тұрақты кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, барлық өзекті екіжақты мәселелер бойынша тығыз жұмыс байланыстарын сақтауға келісті. Роман Скляр қытайлық

өріптесін Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Одан әрі Роман Скляр «Өзгермелі әлемдегі Азия: ортақ болашақ жолында» тақырыбында өткен Боао Азиялық форумының 24-сессиясының ашылу салтанатына қатысты. Форумға 60-тан астам елден келген делегациялардың басшылары және 2 мыңнан астам үкіметтік ұйымдардың жетекшілері, ірі компаниялардың, ғылыми топтардың өкілдері және сарапшылар қатысты. Роман Скляр БАФ шеңберінде «Жаһандық жеткізу тізбегінің тұрақтылығын сақтау: байланыстың рөлі» тақырыбында өткен панельдік сессиясында

негізгі спикер ретінде сөз сөйледі. Өз сөзінде ол Азия елдері арасындағы сауда-экономикалық және көлік-логистикалық ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығына, сауда кедергілерін азайту және жаңа көлік бағдарларын қалыптастыру бойынша бірлескен жұмысқа, сондай-ақ өзара жеткізу тізбектерін жетілдіру үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануға қатысушылардың назарын аударды. Қазақстан делегациясының басшысы Азия құрлығы елдеріне жаңа мүмкіндіктер «терезесін» аша отырып, тығыз байланыс орнатуға шақырды.

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Еліміздегі 13 өңірде су тасқыны салдарының алдын алу үшін гидротехникалық құрылыстарды жөндеу бойынша 43 іс-шара іске асырылды. Бұл туралы Су ресурстары және ирригация министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Атап айтқанда, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Абай және Жетісу облыстарында дайындық жұмыстары жүргізілген.

«Жоспарға гидротехникалық құрылыстарды ағымдағы жөндеу, каналдарды тазарту және жағалауларды нығайту жұмыстары кірді. Мысалы, Ақмола облысында Шағалалы және Сілеті су қоймалары, сондай-ақ «Алва» лимандық суару жүйесі жөндеуден өтті.

Абай облысында Шар су қоймасының қорғаныс бөгеті салынды. Солтүстік Қазақстан облысында Сергеев гидротерабында жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді» деп түсіндірді Су ресурстары және ирригация министрінің орынбасары Ерболат Ибрайханов.



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты, Ұлттық құрылтай
төрағасының орынбасары:

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

– Бурабай төріндегі төртінші Ұлттық құрылтайдың түйінді шешімдері туралы өз пікірімді айтайын. Бұл бірегей диалог алаңында жыл сайын елдің болашағына тікелей әсер ететін маңызды мәселелер қарастырылып келеді. Құрылтайда Қазақстан дамуының негізгі бағыттары, соның ішінде экономиканы реформалау, әлеуметтік саясат, заң мен тәртіпті нығайту, идеологиялық жұмыстарды жүйелеу мәселелері талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз бағдарламалық баяндамасында қазіргі жағдайға жан-жақты талдау жасап, көптеген мәселе бойынша жүйелі шешімдер ұсынып, болашаққа арналған міндеттерді белгіледі. Идеология – қоғамның құндылық, саяси және мәдени бағдарларын қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі. Қазіргі жаһандану дәуірінде оның рөлі күшейгені сөзсіз. Мемлекет басшысы идеологиялық және гуманитарлық жобалардың маңызына тоқталып, Ішкі саясат тұжырымдамасын әзірлеу және Үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіруді тапсырды.

Жаһандану мен технологиялық үрдістердің кері әсерінен бірыңғай жаһандық мәдениет қалыптасып, әртүрліліктің жойылу қаупі туындауы мүмкін. Жыл сайын жаһанданудан жойылып кетіп жатқан мәдениеттер аз емес. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау және жаңғыртуға ертеңін ойлаған елдер өздерінің мәдени және тарихи ерекшеліктерін қорғауға басымдық береді. Президентіміздің бұл мәселеге басымдық бергені қуантты.



Жангелді БИМОЛДИН,
Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры:

ЖОСЫҒЫ БӨЛЕК ҚҰРЫЛТАЙ

– Сұлу Көкшенің төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында қозғалған өзекті мәселелерді, ортаға салынған өткір ойларды ыждаһаттылықпен тыңдай келе, қоғамды толандырып жүрген маңызды жайттар туралы қаншама салмақты ұсыныстар мен бастамалардың алға тартылғанына куә болдық. Мұндай алқалы жиын мінберінен кім-кімнің де жағымды жаңалық, болашаққа бағыт-бағдар боларлық жарық сәуле іздейтіні белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, бұл құрылтайдың біз үшін жөн-жосығы бөлектеу сезілді.

Қазір – көп нәрсе күнде өзгеріске ұшырап жатқан заман. Бүгінгі жаңа дегеніңіз ертеңнің көшіне ілес алмай, шаң қауып қалып жататын кездер аз емес. Өркениетке ілессеңіз – ірісіз, тірісіз, ал ілбіп артпа қалып бірісіз. Ал енді қазіргідей заманда алпауыт елдер арпалысы арасынан жарық күннің көзін тауып, кемеңізді кеңістікке алып шыға алуыңыздың өзі ақыл мен парасаттың қазығына ат байлаған елдің әрекетіне ғана тән айқын қасиет дер едік.

Бурабай баурайындағы басқосу өзінің қадір-қасиеті жағынан бізге осындай ой түйгізеді. Мұнда Мемлекет басшысы маңызды 9 бастаманы алға тартты. Соның бірі – ұлттық цифрлық архив құру мәселесі. Президент алдыңғы қатарға бұл мәселені

не үшін шығарып отыр? Цифрлық архив дегеніміз не? Бұл бізге несімен құнды? Архив тарихтың қайнар көзі іспетті. Жаңа технологияны меңгеру көбіне осы сала мамандарына міндеттеліп жатады. Тарихи көне құжаттарды сақтау, келешек ұрпаққа жеткізу бүгінгі буынның жауапкершілігіндегі міндет саналады. Өте кең тараған бір қағида бар «Құжатсыз архив жоқ, архивсіз тарих жоқ, тарихсыз халық жоқ» деген. Біздің халық болып жер бетінде өмір сүрмегіміздің өзі архивке байланысты екенін мезгеп тұрған осы тұжырымға, демек, елдік тұрғыдан мән беріле бастағаны ғой. Бұл қуанышты жаңалықты естігенде қалай қуанбассың, қалай толқымассың?!

Көкшетауда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Цифрландыру – заман талабы. Мемлекеттік басқарудағы тиімділікті арттыру үшін барлық ақпараттық жүйелердің бірігуі мен автоматтандырылуы қажет» деп мәлімдеді. Бұл сөздер тек экономика мен өнеркәсіпке ғана емес, сонымен қатар архив саласы үшін де үлкен маңызға ие деп білеміз. Цифрландыру арқылы қоғамның барлық саласы жаңарып, жаңа мүмкіндіктер есігі ашылатынын түсінетін кез келді.

Біздің пайымымызда, цифрландыру дегеніміз бұл тек технологиялық жетістік емес, ол

ми капитал. Алдағы төрт жыл ішінде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жобаны іске қосу, 2025-2026 жылдары ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, ал биыл нақты секторды қаржыландыруды екі есеге арттыру (8 трлн теңгеге дейін), келесі жылдары 10 трлн теңгеге жеткізу, Астанадан Арқалық, Торғай, Ырғыз арқылы өтіп, Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне шығатын автожол салу еліміздегі экономикалық-инфрақұрылымдық жүзеге асырылатын жұмыстардың бір парасы ғана.

Парламент пен Үкіметтің алдындағы міндет – шекара маңындағы аумақтарды дамыту туралы жаңа заң әзірлеу. «Біз үшін ешкім елімізді дамытып, көркейтіп бермейді. Қазақстан өз азаматтарымызға, яғни бізге ғана керек. Біз өз мүмкіндігіміз бен күш-қуатымызға арқа сүйеуіміз қажет. Сондықтан ұлт ретінде алға басуға не кедергі болса, соның бәрінен арылып, сапалы ұлт болуға тиіспіз» деді ел Президенті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Елімізді жаһанға жайылып келе жатқан өзгерістерге дайындап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтеп бере алатын қуатты мемлекет етуіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі басты миссиям. Бұл – тұтас ұлтымызға ортақ маңызды міндет» екенін баса айтты. Ұлттық құрылтай осылайша Қазақстан қоғамының бірігуіне және елдің ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық бағыттарын айқындауда басты рөл атқарады.

– қоғамның тиімді жұмыс істеуі үшін өте-мөте қажет құрал. Ал елордалық архив ақпаратты сақтау мен басқарудағы маңызды орынға ие мекеме екенін ескерсек, бұл мәселе құрылтайда дер кезінде көтеріліп отыр деуге толық негіз бар. Өйткені қазір архивтік құжаттардың сақталуы мен қолжетімділігі өте маңызды саналады. Мұның көпшілік біле бермейтін көптеген қиындығы тағы бар. Мысалы, көп жағдайда кей құжаттармен жұмыс істеу ұзақ уақыт алады, ал оларды сақтау оңай іс деп айта алмаймыз. Цифрландыру осы мәселелердің барлығын шешуге мүмкіндік береді: архивтік құжаттар электронды форматқа көшіріліп, интернет арқылы кез келген уақытта қолжетімді болады, құжаттарды жоғалту немесе бүлдіру қаупі азаяды.

Президенттің сөзі сала қызметкерлерін жігерлендіріп, жұмысқа жаңаша серпін береді деген ойдамыз. Біз өз саламызда «Цифрландыру – заман талабы» деген сөздің нақты іс жүзіндегі үлгісіне айналғмыз келеді. Қазіргі уақытта архивте құжаттарды цифрландыруға арналған жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл тек архив саласындағы жұмысымызды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды. Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтай отырысындағы сөзінен

ҰЛТ БІРЛІГІ МЕН БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Тарлан тарихтың қатпар-қатпар қойнауына көз жіберсек, ұлт тағдырын шешкен, қаймана қазақтың басын біріктірген маңызды мәселелердің бәрі Ұлттық құрылтайда шешілгені белгілі. Сақтан қалған сарқыт – қазақ халқы бабаларымыздың осы бір асыл дәстүрін әлі жалғастырып келеді. Мәселен, Абылайдың аңсағаны, Кенесарының көксегені орындалып, тәуелсіз Қазақстан шаңырақ көтерген сәтте Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өтіп, жер бетіндегі қарға тамырлы қазақты азат елге, алтын топырақты атамекенге шақырса, қазір Ұлттық құрылтай ұлтты біріктіретін ұлы күшке, ұлы идеяларды тоғыстыратын абзал алаңға айналды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

2022 жылдың маусым айында Президенттің Жарлығымен Ұлттық құрылтай құрылғаннан бері төрт отырысы өтті. Бастапқыда Ұлттық құрылтай Президент жанындағы кеңесші орган ретінде өз жұмысын бастағанда, жұрттың көбі оған жай жиналыстардың бірі ретінде қарап, мәні мен маңызына көп назар аударған жоқ. Бірақ төрт реткі құрылтайда көтерілген мәселелер мен көздеген мақсаттарды саралап көрсек, Ұлттық құрылтай тек кеңесші орган ғана емес, ұлттың бірлігін нығайтатын, халық пен билік арасындағы байланысты бекітетін, елдік мүддені көздейтін маңызды институт екенін көрсетті. Ең бастысы, Ұлттық құрылтайдың ұтымды тұсының бірі – қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың орнауына жол ашты. Азаматтық қоғам өкілдері, экономистер, сарапшылар, депутаттар және үкіметтік емес ұйымдар өз ойын ашық жеткізу арқылы

ел дамуының жаңа бағыттарын ұсынуға мүмкіндік алды. Билік халықтың үнін естіп, оны шешуге мүдделі екенін шынайы дәлелдеді.

Біздіңше, Ұлттық құрылтайдың Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тиімділігі мына бірнеше маңызды түйіндерден көрінеді:

1. Ұлт бірлігін нығайтады. Құрылтай түрлі сала өкілдерінің басын қосып, ел ішіндегі өзекті мәселелерді ортақ талқылауға мүмкіндік береді. Бұл халықтың ынтымағы мен ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2. Билік пен халық арасындағы диалог алаңына айналды. Құрылтай мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы ашық пікірталас алаңына айналды. Бұл билікке халықтың шынайы мәселелерін естуге, ал халыққа өз пікірін билікке жеткізуге жол ашады.

3. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырады. Құрылтайда көтерілген мәселелер мен ұсыныстар ел дамуының жаңа бағыттарын айқындауға көмектеседі. Бұл экономи-

калық, әлеуметтік, мәдени және рухани салаларда тиімді шешімдер қабылдауға септігін тигізеді.

4. Қазақ мәдениеті мен ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Ұлттық құрылтай ұлттық болмысты сақтау мен дамытуға ерекше мән береді. Әр реткі құрылтай қазақ халқының дәстүрі, тарихи мұрасы және рухани құндылықтарын ардақтауды басты назарға алады.

5. Жаңа реформалар мен бастамаларға негіз қалайды. Құрылтай аясында ұсынылған бастамалар қоғамды жаңғырту, экономика мен саясатты реформалау бағытында нақты қадамдар жасауға түрткі болады.

Қысқасы, Ұлттық құрылтай – елдің бірлігін бекемдейтін, ұлттың әлеуетін арттыратын және қоғамның жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды институт. Ол – тек кеңесші орган ғана емес, мемлекеттік саясат пен ұлттық құндылықтарды үйлестіретін, елдің өркендеуіне негіз болатын тарихи алаң.

Саягүл ҚАЙЫРГЕЛДИНА,
ҚР ДСМ курортология және медициналық
оңалту ҒЗИ директоры:

ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫН КӨЗДЕЙДІ

мекемелерін ашу жоспарлануда. Медицина саласына салынатын инвестицияның 3,5 есе артуы – айтарлықтай көрсеткіш, бұл мемлекет саясатында денсаулық сақтауды дамытуға ерекше басымдық берілетінін білдіреді. Президент қаржыландырулы арттырып қана қоймай, оны мақсатсыз шығындар мен теріс пайдалануға жол бермей отырып дұрыс қолдана білу жайында міндеттер қоятыны маңызды. Бұл денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі мен азаматтар үшін медицина қызметтерінің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Мемлекет басшысының

бастамасымен көтерілген инфрақұрылымды жаңғырту, медицина кадрларын әлеуметтік қолдау бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыру қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттырып, қоғамдық денсаулық сақтау саласын нығайтуға бағытталған. Осындай маңызды міндеттер жүктей отыра, Президент бұл жоспарды жүзеге асыруда сала қызметкерлеріне сенім артады. Сондықтан «ақ халатты абзал жандар» атанған барша әріптестердің алдындағы басты міндет – өзі таңдаған жауапты да абыройлы қызметті адал атқарып, ұлт саулығы үшін аянбай тер төгу.

БАС ҚАЛА КӨЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ БОЛАШАҒЫ

«Астана бас жоспары» мекемесінде бас қаланың көлік жүйесін 2035 жылға дейін дамытуға арналған кешенді бағдарламасы талқыланды. Жиынға Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған депутаттар қатысты.



Мәслихат төрағасының айтуынша, аталмыш бағдарлама депутаттық корпусың қатысуымен әзірленді. Бұл құжат қаладағы көлік жүйесінің барлық элементтерін қамтиды. Атап айтқанда, қоғамдық көлікті, тұрақ орындарын, жүк логистикасын, интеллектуалды көлік жүйесін, такси қызметін және басқа да мәселелерді ескерген.

Жиында экологиялық тазалыққа, жол қауіпсіздігіне және жолаушылардың жайлылығына ерекше назар аудару қажет екені айтылды. Себебі қаладағы автокөлік саны қарқынды өсіп келеді және жақын уақытта қалаға келетін көліктерді есепке алғанда, бір жарым миллионға жетуі мүмкін.

Сарапшылардың айтуынша, ІКотек қызметіне келіп түсетін шағымдардың басым бөлігі қоғамдық көлік жұмысына қатысты. Осы мәселені шешу үшін тасымалдаушыларға қойылатын талаптар күшейтіледі.

ҚҰСТАРҒА – ҚАМҚОРЛЫҚ

Халықаралық құстар күніне орай елорданың №79 мектеп-лицейінде «Құстарды сақта!» акциясы өтті. Құстарға қамқорлық танытуға, жас ұрпақтың бойында жанашырлық сезімін қалыптастыруға бағытталған акцияға 100-ге жуық ата-ана мен бала қатысты.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

– Мектебімізде «Жақсылық жаса» атты ұранымен бірқатар игі іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бұл жалпықалалық акцияның негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сүюге тәрбиелеу, тұрғындар мен мектеп оқушыларының экологиялық көзқарасы мен табиғат алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру, экологиялық мәдениетті арттыру, сонымен бірге табиғатты қорғау жұмысына араластыру. Бұл акцияны 2016 жылдан бері

өткізіп отырмыз. Жақсылық жасауда ата-аналар балаларымен бірге түрлі қолөнер бұйымдарын әзірлеп, мектеп жәрмеңкесіне ұсынады. Жәрмеңкеден жиналған қаражат көмекке мұқтаж отбасыларға беріледі. Оқушыларымыз Қарттар үйіне де барып, өз өнерлерін паш етіп, мерекелік концерт ұйымдастырып жатады. Яғни, бастысы қайырымдылықты насихаттауды көздейміз, – деді №79 мектеп-лицейінің директоры Құралай Мукүшева.

Акцияға қатысқан бастауыш сынып оқушылары ата-аналарымен бірге құс ұяларын өз қолдарымен арнайы дайындап, мектеп аумағында ілді. Жыл сайын аталған іс-шарадан

қалыс қалмай, белсенділік танытып келе жатқан ата-аналардың қатарында Оңдасын Серікұлы бар.

«№79 мектеп-лицейінде үш балам оқиды. Балаларыммен бірге ұяларды үйде жасауды жақсы дәстүрге айналдырдық. Бүгінде Астананың бірқатар саябақтарында отбасымыздың дайындаған құс ұялары ілулі тұр. 2-сыныпта оқитын балам Дінмұхамед Оңдасынұлымен бірге мектеп ауласында да құстардың да тұрақтап, қалалықтардың көңілін әсем әуенімен қуантып тұрсын деген ниетпен ұялар жасап, ілдік. Бала көргенін істейді, сондықтан осындай ізгілікке бастайтын бастамалардың болғаны қуантады» деді ата-ана.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Биыл Сарыарқа ауданының аумағы 78 мыңға жуық жасыл желекпен толығады.



Қазір көктемгі ағаш отырғызу кезеңіне дайындық жұмыстары басталды. Ауданның баспасөз қызметі хабарлағанындай, ағымдағы жылы 4000 ағаш отырғызу жоспар-

ланып отыр. Күн жылынысымен-ақ аумақта көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Өткен жылы Сарыарқа ауданында 5200 жуық ағаш отырғызылып, 6

аумақта жергілікті суару жүйелері абаттандырылды.

Елорданың Есіл ауданында 152 мыңнан астам жасыл желек отырғызылады. Аудан әкімдігі қала кеңістігін көгалдандыру және жайлы орта қалыптастыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруда. Биыл көктемде тұрғын алаптарында, аулалар мен қоғамдық орындарда жасыл желек отырғызу басталады. Жалпы, жыл соңына дейін ауданда 16 мыңнан астам ағаш, 68 мыңнан аса бұта және шамамен 68 мың көпжылдық өсімдік отырғызу жоспарланған.

Өткен жылы да осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, аудан аумағында 89 мыңнан астам жасыл желек пайда болды. Көгалдандыру жұмыстары биыл да қарқын ала түспек. Жаңа отырғызылған жасыл желек қаланың эстетикалық келбетін жақсартып қана қоймай, ауаның сапасын арттыруға, көлеңкелі демалыс орындарын қалыптастыруға және жалпы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Астанадағы Тұрғын үй орталығының алаңында Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева мен «Таза Астана» акциясына қатысушылардың кездесуі өтіп, онда кондоминиум объектілерін басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар айтылды.

МИБ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTY – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

«Таза Астана» әлеуметтік жобасын дамыту аясында ұйымдастырылған іс-шараға МИБ төрағалары, басқарушылары, қызмет көрсету ұйымдарының басшылары және Тұрғын үй орталығының мамандары қатысты.

«Өркен қала» ЖШС директорының орынбасары Гүлвира Әбетованың айтуынша, өткен жылы Астанада алғаш рет елордалық үйлер арасында әлеуметтік акция өткізілген, оның барысында «Ең таза аула», «Үздік кәсіпорын», «Үздік мекеме» атақтары бойынша үздіктер анықталып, марапатталған.

Жиын барысында оған қатысушылар тұрғын үйлердегі күрделі жөндеуді мемлекет қаражаты есебінен жүргізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Олар кондоминиумдардың қасбеттері бойынша қалпына келтіру жұмыстары туралы ойлану қажеттігіне назар

аударды. Ғимараттарда бөлек есепке алудың болмауына байланысты басқару субъектілері ауысқанда кондоминиум объектісін толықтай қабылдау мүмкін еместігі туралы мәселе де көтерілді. Бұл ретте әрбір кондоминиум нысаны бойынша мәселені жеке-жеке қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ жобаға қатысушылар ЕҚЫҰ төрағаларының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін жеңілдету критерийлерін анықтауды сұрады. Бүгінгі таңда заңды тұлғаны МИБ басшысы ретінде тіркеудегі белгіні алып тастау өте қиын. Жоба қатысушылары эвакуация жолдарын бұғаттаудың түйткілді мәселесін де талқылады. Екатерина Смышляева барлық ұсынысты тыңдап, олардың ішіндегі ең тиімдісін Мәжіліс-тегі жұмыс тобының отырысында қозғайтынын атап өтті.

САРБАЗДАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Кеше «Астана-1» теміржол вокзалында «2025 жылғы көктемде мерзімді әскери қызметтен запасқа босатылған сарбаздарды салтанатты күтіп алу рәсімі өтті.



Салтанатты күтіп алу рәсіміне Астана қаласы қорғаныс істері департаменті, қала әкімдігінің Ішкі саясат, Жастар саясаты және Жұмылдыру даярлығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармаларының өкілдері, қала мектептерінің оқушылары және «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық клубтары тәрбиеленушілері, Қарулы Күштердің, Ауған соғысы мен жергілікті қақтығыстар ардагерлері мен сарбаздардың ата-аналары, бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Қала әкімінің «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығына дайындалу және оны мерекелеу жөніндегі «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты іс-шаралар жоспарының аясында өткізілген бұл рәсімде Астана қаласы Әскерге шақыру комиссиясының мүшесі отставкадағы полковник Ғани Артықов сөз сөйлеп, әскерден келгендерге көптеген жағдай жасалатынын жеткізді.

«Қорғаныс министрлігі еліміздің 80-ге жуық жоғары оқу орындарымен бірлесіп, мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтар үшін

жоғары оқу орындарында тегін оқуға 3000 орын қарастырып отыр. Бұл жеңілдік мерзімді әскери қызмет өткерген барлық азаматтарға Ұлттық бірыңғай тестің нәтижесінсіз, әңгімелесу нәтижелері бойынша әскери борышын өткергеннен кейін екі жыл ішінде ақылы түрде ЖОО-ға оқуға түсу мүмкіндігін беруді көздейді. Мерзімді қызмет кезеңінде жауынгерлік даярлықта тәртіпті және жоғары нәтижелерге қол жеткізген әскери қызметшілерге ЖОО есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі берілетін болады. Ал маусым айының аяғына дейін Астанаға өткен жылғы көктемде әскерге шақырылған 1 000-нан астам астаналық жігіт оралады. Олардың орнына наурыз бен маусым айларында 1 200-ге жуық жігіт әскер сапын толықтыратын болады» деп атап өтті Ғани Артықов.

Ал міндетін өтеп мерзімді әскери қызметтен запасқа босатылған 27 сарбазды қарсы алуға келген әскери зейнеткерлер, мұндай шараның ұйымдастырылуының өзі жастарды әскерге баруға ынталандыратынын айтады.

Ал былтыр Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 141,4 млрд АҚШ доллары болды. Сауда және интеграция министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде Арман Шаққалиев министрлік жаһандық сын-қатерлерге қарамастан өткен жыл қызметтің барлық бағыттары бойынша оң қорытындымен аяқтағанын айтты.

«Өткен жылы сауданың өсуі 9,1 пайызды құрады. Сауда саласына 884,6 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 14,6 пайызға көп. Ішкі тауар айналымы да тұрақты оң динамикада қалып отыр. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымы 14,1 пайызға өсіп, 69,6 триллион теңгені құрады. Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 141,4 млрд АҚШ доллары болды. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,6 млрд АҚШ долларға өскен» дейді министр.

Ведомство басшысының дерегінше, сауда балансы 3,1 млрд АҚШ долларға өсіп, 21,8 млрд АҚШ долларына жеткен. Тауарлар мен қызметтердің шикізаттық емес экспортының көлемі өткен жылы 10,7 пайызға артып, 40,2 млрд АҚШ долларын құрапты.

КӨРСЕТКІШ КӨНІЛ КӨНІШТЕДІ

Жоғарыда айтқандай, министрлік жеке шаңырақ тіккелі елдің сыртқы экономикалық қызметін дамыту, оның ішінде шикізаттық емес экспортты қолдау және сауда қызметін жақсартуды бірінші орынға қойған еді. Сырт елдермен тауар айналымында белсенді болуға тырысқан министрлік саладағы өз көрсеткішін арттырып отырғаны да рас. Бір ғана мысал, 2019 жылы тауар айналымы 97,8 млрд АҚШ долларын құраса, 2022 жылы 135,5 млрд АҚШ долларын құраған. Бұл жерде энергия ресурстарының бағасының өсуі мен жаңа аймақтарға экспорттың кеңеюі есебінен сауда көлемінің рекордтық артуы да көп өсім көрсеткені рас. Ал 2023 жылы 139,8 млрд, 2024 жылы 141,1 млрд АҚШ долларды құрап отыр.

Жалпы министрлік алдымен экспорттың әртараптан болуына және сыртқы сауда құрылымындағы шикізаттық емес тауарлардың үлесін арттыруға күш салып келеді. 2019 жылы шикізаттық емес тауарлардың экспорты 15,1 млрд АҚШ долларын, ал былтыр 40,2 млрд АҚШ долларын құрағанын мақала басында министрлік дерегімен келтірдік.

Жалпы еліміз сауда қатынасында Ресей, Түркия, Қытай, АҚШ, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония және Орталық Азия елдерімен тұрақты серіктестік орнатып отыр. Мұның ішінде Ресеймен тауар айналымы елдің сыртқы экономикалық қызметінде маңызды орын алады. Аталған елмен тауар айналымы өткен жылдың қаңтар-қараша айларында 24,2 млрд АҚШ доллары болды. Ресейге экспортталатын негізгі тауарлар – жер асты құзба байлықтары, яғни көбісі түсті металлдар. Ал Ресейден Қазақстанға импорт 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында 5,3% өсіп, 16 млрд АҚШ долларын құрады. Импортталатын негізгі тауарлар қатарында табиғи газдан бөлек, түсті металл, бидай, т.б. өнімдер бар.

Ресейден бөлек, тіпті осы салада тауар айналымы тұрақты өсу динамикасын көрсеткен елдің бірі – көрші Қытай. Былтыр қос ел арасында сауда айналымы 30,1 млрд АҚШ доллары болды. Қытайға экспортталатын негізгі тауарлар қатарында мыс, мұнай,



САУДА САЯСАТЫ: ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ ДҰРЫС ПА?

2019 жылы құрылған Сауда және интеграция министрлігі 5 жыл ішінде ауқымды жетістікке қол жеткізді. Осы аралықта ішкі сауда айналымы 60 пайызға артса, сыртқы тауар айналымы 43 пайызға өсті. Сондай-ақ ұлттық сауда секторын дамытуда айтарлықтай ілгерілеу бар. Нақты жұмыстар нәтижесінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде саладағы көптеген кедергі жойылды. Бұл халықаралық саудада мәртебені жоғарылатып, экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал еткендей. 2019 жылдан бастап қазақстандық компаниялар экспорт арқылы Alibaba, Wildberries секілді халықаралық электрондық алаңдарға шыға бастады. Аталған бастама жаңа жұмыс орындарын көбейтіп, бүгінгі нарыққа шығуға мүмкіндік беруде.

САЛАҒА ӘЛІ ДЕ ҰМТЫЛЫС КЕРЕК

уран, табиғи газ бар. Керісінше, Қытайдан импорт 2024 жылы 1,5% төмендеп, 15,2 млрд долларды құраған. Импортталатын негізгі тауарлар – телефон аппараттары, автокөліктер, есептеу машиналары, көлік корпустары, жол және құрылыс техникасы, т.б.

«Бүгінгі күні Қазақстанның сыртқы саудадағы ең үлкен әріптесі – Қытай. Әрине, Ресеймен де тұрақты байланыс бар, бірақ олар кейінгі жағдайға қатысты көп санкцияға іліккен соң біздің шикізат не өнімге сұранысы азайды. Себебі Ресей екі-үш жылда өз өндірісін қорғаныс саласына қарай бұрып, бейбіт өмірге қажетті тауарларды шектеді. Өзірге сауда байланысында екінші орында Ресей тұр. Ал Қытайға экспорттау жағына келсек, шикізатпен қоса, тамақ өнімдері кетеді. Импорт жағында техникалық жабдықтар келеді. Ресейге көмір мен металл жіберсек, ол жақтан көп дайын өнімдер мен қондырғылар алынады. Сондай-ақ Орталық Азия мен Түркиямен де сауда саясатында тығыз қатынастамыз десек болады» дейді экономика ғылымдарының кандидаты Сапарбай Жобаев.

Сарапшының айтуынша, бес-алты жыл бұрын Орталық Азия елдерімен сауда айналымы 5 млрд доллар айналасында болса, бүгінде ол көрсеткіш 7-8 млрд доллар көлеміне артқан. Ал министрлік дерегі көрсеткендей, Орталық Азия мемлекеттерімен сауда 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында 6,9 миллиард АҚШ долларын құраған. Ал экспортталатын негізгі тауарлар қатарында бидай ұны, күнбағыс майы, алтын және өзге де металл түрлері бар. Аталған мемлекеттерден автомобильдер үшін корпустар, табиғи газ, қорғасын мен бағалы металдар рудалары мен концентраттары импортталады.

Қазақстандағы сыртқы сауда – сыртқы экономикалық байланыстың бір бөлігі болып саналады. Бүгінде аталған салада көрсеткіш жаман емес. Сарапшылар осылай дейді. Экономист Сапарбай Жобаев сонау 2000 жылдардан бері қарай біздегі шикізат бағасы өскенін айтады. Ал 2013-2014 жылдары сыртқы экспорт көлемі 80 млрд долларға артқаны тағы бар. Бұл сол кездегі 230 млрд долларлық жалпы ішкі өнімнің үштен бір бөлігі болатын. Сондықтан Қазақстанды экспорттаушы мемлекет деп әбден атауға болады. Яғни өзімізде өндірілген мұнай мен газ, металл, көмір, сондай-ақ бидай мен оның өнімдері, өсімдік майы, ет өнімдері және басқа да өнімдерді экспорттап отырмыз.

«Екінші – саладағы транспорт, яғни логистика мәселесін айтсақ болады. Мәселен, транспортты айтар болсақ, кезінде ашық теңізге шығатын жолымыз болмаған соң 12 млрд доллар шамасында төлем жасап, өз тауарларымызды солай экспорттап жүрдік. Ал біздің үлкен территориямыз арқылы өтетін басқа елдер бізге 6 млрд доллар ғана төлем жасады. Бұл шығын болатын. Қазір Қытай мен Еуропа арасындағы орталық көлік дәлізі, ТрансКаспий халықаралық маршруты ашылған соң бізге транспорттық қызметтен түсетін түсім 10 млрд долларға жақындап қалды. Бұл мәрені 12 млрд долларға жеткізсек, өз өнімдерімізді сыртқа шығаратын транспорттық құны мен тауарларын біздің шекара арқылы сыртқа шығаратын жүктердің бізге төленетін төлем құны бірдей болатын еді. Ал мұндайда шығын болмайды» дейді ол.

Ал Мәжіліс депутаты Анас Баққожаевтың сөзінше, тиісті

қаржылық қолдау болмай, сыртқа өнім шығарушы кәсіпорындардың алға қадам басуы қиын. Үкімет осыған тереңірек кіру керек. Ынталандырудың бар механизмін іске қосқан жөн. Бұл жерде тиісті салаға жетекшілік ететін шенеуніктердің де батылдығы рөл ойнамақ.

«Расы сол, бізде бюджет тапшылығы жоқ емес. Жаңа өндіріс көздерін ашу қарқыны төмен. Мысалы, шетелдік инвестицияның өзі 7,5 пайызды ғана құрап отыр. Ал салықтық базаны ұлғайтуға, қазынаны толтыруға

САУДА – ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ. АТАЛҒАН САЛА МЕМЛЕКЕТ БЮДЖЕТІНЕ ТҮСЕТІН САЛЫҚТЫҢ КӨП БӨЛІГІН ҚАМТЫП ОТЫР. ӘРІ ЖҰМЫССЫЗДЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮДА ӨТЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛГЕ ИЕ. САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ БЕРГЕН МӘЛІМЕТКЕ СҮЙЕНСЕК, ЕЛІМІЗДЕГІ САУДА САЛАСЫНДА 1,5 МИЛЛИОННАН АСА АДАМ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ. СОНДАЙ-АҚ 80 МЫҢҒА ЖУЫҚ САУДА НЫСАНЫ БАР. МҰНЫҢ ІШІНДЕ 700-ДЕН АСТАМЫ – ТҮРЛІ САУДА БАЗАРЛАРЫ

жаңа өндіріс керек. Жалпы Қазақстанның ішкі нарығы аз екені белгілі. Оның үстіне барлық жұмыс істеп тұрған кәсіпорының көбісінің жұмысы ішкі нарыққа бағытталған. Алайда Үкіметтің сыртқы нарыққа, әсіресе ауыл шаруашылығындағы азық-түлік өнімдерін экспорттауға әлеуеті жеткілікті деп ойлаймын. Бірақ бұл үшін тағы қайталап айтамын, тиісті өнім өндіруші кәсіпорын санын арттыру керек. Қазір олар бізде бар болғанның өзінде де олардың қуаттылығы өте төмен» дейді депутат.

Инвестиция демекші,

Сапарбай Жобаевтың айтуынша, Орталық Азияға тартылған 500 млрд доллар инвестицияның 80 пайызы Қазақстанға келген. Бірақ бұл өте үлкен төлемдерге алып келмек. Өйткені әр жылдары шет мемлекеттерге 20-25 млрд доллар дивиденд төлейміз. Онсыз болмайды. Олар дивиденд алмаса, біздің елге мүлде инвестиция әкелмес те еді.

«Былтыр қараша-желтоқсан айларында Қытайда тағылымдамадан өтіп келдік. Сонда байқағанымыз, ондағылар Қазақстанмен сауда байланысын нығайтуға өте мүдделі. Олар бізден үлкен кәсіпорын ашып, біздің шикізатты пайдаға асыру арқылы өздеріне қажетті жеңіл өнеркәсіп немесе тамақ пен басқа өнімдерді көбейткісі келеді. Жалпы бізге түсетін қаражат Қытай мен Еуропа арасындағы 600 млрд долларлық сауданың біздің территория арқылы өтуінен болып отыр. Екіншіден, сыртқы сауда қатынасында мүдделі шет мемлекеттермен арадағы сауда айналымы үшін теміржол мен көлік, сондай кеме қатынасы өте маңызды рөл атқара бермек» дейді С.Жобаев.

оннан аса адам қызмет етеді. Сондай-ақ 80 мыңға жуық сауда нысаны бар. Мұның ішінде 700-ден астамы – түрлі сауда базарлары. Ал сауда қызметкерлерінің мақсаты – халықтың тауарлар мен қызметтерге сұранысын қанағаттандыру. Расымен де өмір сүру дағдымызды дүкендер мен басқа да сауда орындарынсыз елестету тым қиын. Адамзаттың түрлі қажеттілігін өтейтін нысандардың маңызы ерекше. Екіншіден, сауда кәсіпорындары жыл сайын дамып, заманауи технологиялық қызмет көрсету стандарттарын енгізіп жатыр. Өйткені тұтынушылардың да өнім мен қызмет көрсетуге қойылатын талаптары артқан.

Екіншіден, отандық тауарларды халықаралық нарықтарда ілгерілету үшін сыртқы сауда инфрақұрылым белсенді дамып келеді. Чэнду қаласындағы серіктестік кеңсе, Үрімші қаласындағы өкілдік және Нанкин-дегі «Цзянсу – Орталық Азия» ұлттық павильон орталығы өз жұмысын бастады. Сондай-ақ Шаньдун провинциясындағы «Қытай-ШЫҰ» өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастығының пилоттық аймағында алаңдар берілген. Өзбекстанның «Термез» халықаралық сауда орталығында қазақстандық өнімдердің сауда павильоны, сондай-ақ БАӘ, Қытай, Түркия, Үндістан және Иранда сауда агенттері өкілдіктерін ашты. Дубайда «QazaqTradeHouse» сауда үйі жұмыс істейді.

Жақында Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев 2025 жылға арналған министрліктің негізгі басым міндетін айта келіп, экономиканың өсімін 6-7%-ға жеткізу жайлы сөз қозғаған еді. Осы мақсатта 3 стратегиялық басымдықты іске асырылмақ. Алғашқысы – «Болашақтың сауда экосистемасын» құру арқылы тауарлар мен сауда нысандарын цифрландыру. Ұйымдасқан сауданы, оның ішінде биржалық және электронды сауданы дамыту. Екінші – отандық тауарларды ілгерілету, яғни қазақстандық өндірушілердің позицияларын нығайту, импортқа тәуелділікті азайту және қосымша құн жасауға ынталандыру. Ал соңғысы – тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тауарлар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету болып отыр.

Бетті дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

Манас Бадыханұлы да мектепті бітіргеннен кейін әке жолын қуып, классиктің сөзін сәл өзгертіп айтсақ, «сарбаз жанының инженері» – саяси қызметкер атанды. Новосибирск жоғары әскери-саяси жалпы әскери училищесін және Мәскеудегі әскери-саяси академиясын «үздік» деген бағамен бітіріп, ротадан дивизияға дейінгі барлық әскери кәсіби лауазымнан табысты өтті. Қызметін әскердің барлық түрінде – мотоатқыш, инженер, танк, құрылыс және әуе-десантты қатарында Қазақстанда, Ресейде, Польшада, Түрікменстанда, Тәжікстанда және Қырғызстанда атқарды.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін ол ішкі әскерлерде саяси, штабтық және командалық лауазымдарда қызметке жіберілді. Жалпы алғанда, полковник М.Мағұлов ішкі әскерлерде шамамен 10 жыл қызмет етті, оның 6 жылы командалық лауазымдарда – Ақтөбеде полк командирі және Ақмола (кейін Астана) қалаларында бригада командирі болды. Біз қызметтің осы кезеңдеріне толығырақ тоқталғымыз келеді.

Командалық кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты ол Ақтөбе қаласындағы күзет полкінің командирі болып тағайындалды. Полк сол тұста артта қалғандардың қатарынан еді. Әскери бөлімді өз бетімен тастап кеткендердің саны 100 адамнан асатын. Айта кету керек, 1995 жылдың қаңтарында Ақтөбеге келген кезінде қыс қатты болды, ал полкте көптеген ғимарат – монша, тыл штабы, гауптвахта, солдат асханасының бір бөлігі жылытылмаған болатын. Бір айдың ішінде барлық жерге жылу жүргізілді, содан кейін солдат клубы, қарауыл үйі, медсанчасть, офицерлер асханасы және басқа да ғимараттар жөнделді. Адамдардың көңіл күйі көтерілді, қызметке деген қызығушылық пайда болды, өз бетімен бөлімді тастап кеткендердің саны бес есеге азайды.

Жаңа командирдің осындай ынта-жігерін көрген қала әкімдігі мен облыстық ПД басшылығы да полкке бет бұра бастады. Көптеген мәселе өзара

АҚМОЛА БРИГАДАСЫН БАСҚАРҒАН

ПОЛКОВНИК МАНАС МАҒҰЛОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы еліміз бойынша кеңінен аталып өтуде. Аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмайды және әрдайым ел есінде. Ең бастысы ол жастар үшін үлгі-өнеге болуға тиіс. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері, отставкадағы полковник Манас Мағұлов Астана қаласында оқитын студент жастармен кездесулерінде үнемі осыны айтудан жалыққан емес. Өйткені өзінің әкесі Бадыхан Волхов, Ленинград майдандарында соғысып, Берлинге дейін жеткен саяси жетекші болатын.



келісім бойынша еш қиындықсыз шешіліп жатты. Алайда Манас Мағұлов мұнда ұзақ тұрақтаған жоқ, 1995 жылдың мамырында мерзімінен бұрын полковник шені берілген соң, Ақмола қаласына генерал лауазымына – ішкі әскерлердің дербес бригадасына қолбасшылыққа жіберіледі. Жаңа жердегі жұмыс ауқымы өте кең еді, енді оның міндетіне көптеген колонияны күзету, 3 облыс аумағында құқықтық тәртіпті сақтау кірді.

Полковник Мағұловтың Ақмола ішкі әскерлер бригадасын басқарған кезі, расында, оңай болған жоқ. Бұл 90-жылдардағы өте күрделі кезең еді, ол уақытта әскерлерде орталықтандырылған мәселесі де үлкен қиындықпен шешілді. Қандай да бір мәселені шешу үшін әртүрлі басшылардың қабылдау бөлмесінде қанша уақыт отыруға мәжбүр болғанын өзінен басқа ешкім білмейді. Бірақ осы қиындықтарға қарамастан, жоспарлы іс-шаралар белгіленген уақытта өтті, жауынгерлік дайындық ешқашан бұзылған емес.

Манас Бадыханұлы бригаданы басқарған уақытта тәжік-ауған шекарасына екі рет арнайы рота жіберілді және екі жағдайда да әскери қызметшілер бас шені берілген соң, Ақмола қаласына генерал лауазымына – ішкі әскерлердің дербес бригадасына қолбасшылыққа жіберіледі.

Қазақстан Республикасының жоғары және орталық органдарының Алматыдан Ақмолаға қоныс аударуы кезіндегі бригаданың жеке құрамының рөлін ерекше атап өткен жөн. Ол кезде Ақмолада ішкі әскерлер бригадасынан басқа әскери бөлімдер болған жоқ. Сондықтан бригаданың жеке құрамы министрліктер мен ведомстволарды жаңа қалаға қоныстандыру ісіне көптеп тартылды. Бұл ретте қызмет ету жүктемесін ешкім азайтқан жоқ. Сөйте тұра барлық міндет орындалды, тіпті қызметтік көрсеткіштер жақсарды. Қайта қоныстану аяқталғаннан кейін полковник Мағұлов алғашқылардың қатарында «Астана» медалімен марапатталды.

Кейін ішкі әскерлер бригадасы таратылып, М.Мағұлов ІІМ Ішкі әскерлері штабының бас инспекторы болып ауыстырылды. Сосын ол жаңа күштік құрылым – Республикалық

ұланның ұйымдастыру-талдау бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Ал 2001 жылдың тамызында елдің оңтүстік шебін нығайту мақсатында жаңа әскери округтің құрылуына байланысты «Оңтүстік» әскери округі әскерлері қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

МАНАС БАДЫХАНҰЛЫ БРИГАДАНЫ БАСҚАРҒАН УАҚЫТТА ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНА ЕКІ РЕТ АРНАЙЫ РОТА ЖІБЕРІЛДІ ЖӘНЕ ЕКІ ЖАҒДАЙДА ДА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫН АЛЫП, ҮЙНЕ ШЫҒЫНСЫЗ ОРАЛДЫ

2003 жылдың көктемінде, әскери қызметте күнтізбелік есеппен 30 жылдан астам және жеңілдік есебімен 36 жыл қызмет еткеннен кейін полковник М.Мағұлов құрметті демалысқа шықты. Алайда ол зейнеткермін деп қол қусырып отырмады, керісінше, ҚР Қарулы Күштерінің сапасын жақсарту, Қазақстанның

қорғаныс қабілетін арттыру процесіне белсенді түрде араласты. Манас Бадыханұлы қорғаныс өнеркәсібі мен мемлекеттік мобилизациялық резерв жүйесінде 11 жылдан астам уақыт жемісті жұмыс істеп, өзінің бай тәжірибесімен бөлісті. Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты жақсарту бойынша мақсатты

болып жұмыс істей бастады және ғылыми қызметпен жемісті айналысты. Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылу, қалыптасу және даму тарихы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Мемлекеттік әскери-тарихи музейінде екі ассистентпен бірге тас дәуірінен қазіргі заманғы қару түрлеріне дейінгі артефактілер, экспонаттар жинақталған «Ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстан аумағындағы қару» залын жабдықтап шықты.

Манас Бадыханұлы Қазақстан мен ТМД елдерінің ардагерлік ұйымдарының жұмысына белсенді қатысып келеді. Халықаралық ғылыми симпозиумдарда, конференцияларда және дөңгелек үстелдерде үнемі баяндама жасап, тың ойларын ортаға салудан жалыққан емес.

Запастағы полковник М.Мағұловтың ел игілігі үшін жасаған еңбегі мен белсенді өмірлік ұстанымы зор құрметке лайық. 70 жылдық мерейтойы қарсаңында оған зор денсаулық, ұзақ өмір және жаңа шығармашылық табыстар тілейміз!

Қайыр ДІНБАЯНОВ, ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, полковник

ДӘСТҮРДЕН БЕЗГЕН ДӘРУІШ ҰРПАҚ

Біз ата-бабамыздың тілін, дінін ұстап келе жатқан салт-дәстүрмен есейдік, әлемдегі танымал елдердің қатарындамыз, соны мақтан тұтамыз, кейінгі ұрпақтың жетістігіне қуанамыз. Бірақ соңғы жылдары жастарымыз қанға сіңген ұлттық дәстүрден алшақтап, батыстың біздің ұлтқа жат дәстүріне әуестеніп бара жатыр.

Ұлтымыз қызды туғаннан дәріптеген, ол төрде отырған, оны үкілеп аялаған, ол – келешек ана, ұрпақты жалғастырушы. Қазақ қызды өте жоғары бағалаған: қыздың күлкісіндей, қыздың жиған жүгіндей, қыздың құйған шайындай деп бар жақсылықты қыздарға теңеген. Қазақ қыздары сұлу, әсем көркімен, сыпайы, биязы мінезімен ерекшеленген. Ал енді сол болашақ аналардың қазіргі тәрбиесіне көңіл тола ма? Шынын айтсақ, үлкен боп қазір көшеге, автобуска отыруға қаймығасың, себебі жас қыздардың талғамы жоқ, киім киноі, өзін-өзі ортада ұстауы, шашы сабалақ-сабалақ, бетін талғамсыз бояу, қасын жиіркенішті күзеу, тырнақты жезтырнақтай өсіру – мұның бәрі тазалыққа жатпайды. Ол тырнақтың астында миллиондаған микроб бар, ол жұпқалы аурулардың ұясы емес пе?! Күздің қара суығында, қыста да тобығы ашық жүргені денсаулыққа зиян. Әдемі келбетін

бүлдіріп, қолына, мойнына сурет салу қандай жағымсыз! Сол сурет салғандар бір инемен сырқат адамдарға да салады, сондықтан сурет салғандар гепатит, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырмасына кім кепіл? Еуропаға еліктейміз деп көйлектерінің алдын ашып, кіндігін жалаңаштап жүруді әдетке айналдыруда. Жүкті келіншектердің қарны шертіп, кіндігі ашық жүргенін көргенде төбе шашың тік тұрады. Осы жас келіншектен қандай дені сау бала туады?! Қазір ертеде сирек кездескен сырқат көп: аутизм, іштен туа біткен кем сәбилер. Мұндай сырқатты жастар өздері «сатып алады». Мысалы: кока-кола, чипстер, энергетикалық сусындар, нәрестеге пайдаланатын памперстер – бәрі де зиян.

Бұрын қазақтың жас келіндері жүкті екенін көрсетуге ұялған, қазір ұялу дегенді ұмытуға айналдық. Бұрын ұл да, қыз да ұялғаннан бет қызаратын, ол сезімді жоғалттық. Бірде Аста-



нада немеремді мектепке апара жатсам, мектеп қасында қыз бала ер баланың өзі айтпайтын жаман сөздерді айтып тұр, «неге жаман сөз айтасың?» десем, «өзі ғой» дейді. Сонда сол оқушының сана-сезімі сондай болғаны ма?! Біз де жас болдық, қыздардың талғамы мен киген құқыпты киімі, жүрген жүрісі, күлгенде сыңғырлаған күлкісі сүйсіндіретін. Қандай бұзық ер бала болса да қыздар келе жатқанда сыйлағаны соншалықты, жаман


сөз айтпай тыныш тұратын, қыздарды құрметтеу, оларға орын беру, қажет болса, көмектесу азаматтық борыш еді, сондай болуымызға біздің кезіміздегі қыздардың мінез-құлқы мен әдебі әсер етті. Ал қазіргі кейбір қыздардың әдебі басқаша: ауызда темекі, сөйлегені орысша, оның өзі шұбар, инабат жоқ, ұялу-қымсынуды сезбейді. Жастарды тура жолға салу – қоғамның, ата-ананың борышы. Қыз баланың шашы жалбырап

жүргенін мектеп басшысы мен ата-ана бірігіп неге тыймасқа? Оған да билік араласуы керек пе? Занды түрде тоқтату керек болса, депутаттар неге араласпасақ? Қазақ әйелі шашын күйеуі, жақыны қаза болғанда жайып жіберген. Өкінішке қарай, осындай әдетті кейбір халық қалаулылары, әкімшілік қызметкерлері, журналистер, актерлер, өнер қайраткерлері дәріптеуде, денсаулық сақтау мекемелерінде шашы жалбы-

раған әдепсіз мейірбикеден сау адам ауру болады. Телеарнада көрсететін «Қосылайық», «Бір болайық» хабары қазақ қыздарын жағымсыз жағынан көрсетеді.

Мәдениетті, терең ойлы, тазалықты сүйетін халықтың бірі – қазақ. Біз шетелдің жеңіл музыкасына, талғамсыз әдет-ғұрпына еліктемей, шығыстағы жапондардан үлгі алуымыз керек сияқты. Қазақтың нақыл сөздері өмірден алынған, соның бірі: балаңды аясаң – аяма. Қыз баланы тәртіпке бағындырып, қатаң ұстаған абзал. Кеңес өкіметі кезінде мектепте қыздар кеңесі болған, сонда олар тәртіпті талқылап, әдепті болуды насихаттайтын. Қазір сондай іс-шара неге қолданбасқа? Есеп үшін жасалып жүрген сансыз іс-шарадан көңіл бөлу қажет. Қорыта айтқанда, қазақ қыздары, жас аналар ата-баба дәстүрін сақтап, басқа ұлттарға өнеге болатындай табиғи келбетімен, биязы, инабатты мінезімен, талғаммен киіне білетін терең ойлы, саналы ұрпақ болса екен.

Серік ҚОЛДАНҰЛЫ, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы, денсаулық сақтау саласының ардагері



АИТВ МЕН ТУБЕРКУЛЕЗ – ҚАТАР ЖҮРГЕН ҚАУІП

Туберкулез бен АИТВ-инфекциясының басым үйлесімінің заңдылығын түсіндіретін факторлардың бірі – екі аурудың патогенез тетігінің ерекшеліктері. Дәлелденгендей, АИТВ негізінен Т-лимфоциттерді зақымдап, әсіресе туберкулезге қарсы иммунитетте шешуші рөл атқаратын көмекші Т-популяциясының (CD4-лимфоциттер) жойылуына әкеледі. Адам ағзасындағы олардың санын азайту жасушалық иммунитетті айтарлықтай бұзады. Опсонизациялаушы антиденелердің, интерлейкин-2, интерферон-L CD4-лимфоциттерін өндіру төмендеп, басқа тиімді жасушалардың реакцияларына теріс әсерін тигізеді. Бұл жағдайда АИТВ альвеолярлы макрофагтарға, моноциттерге және полинуклеарларға әсер етіп, олардың өкпеге өту қабілетін төмендетеді.

АИТВ инфекциясы туберкулез кезінде иммунореактивтілік жағдайына айтарлықтай әсер етіп, CD4 лимфоциттер санының абсолютті және салыстырмалы төмендеуін тудырады, жасушалық иммунитет жүйесіндегі қатынасты өзгертеді, макрофагтардың дифференциациясын бұзады және белгілі бір түйіршіктеу тінінің қалыптас-тырады. АИТВ-инфекциясының алғашқы кезеңдерінде туберкулездің қабыну морфологиясы айтарлықтай өзгермесе де, кеш сатысында АИТВ-ға тән гранулемалар баяу қалыптаспайды.

АИТВ иммундық жүйеге әсер етіп, оны әлсірететіндіктен, АИТВ-мен ауыратын адамдарға туберкулез қоздырғышы жеті есе жиі жұғады. Сондай-ақ жасырын туберкулезбен ауыратын адамдар үшін аурудың белсенді түрінің даму қаупі жылына 8-10%-ды құрайды. Жасырын туберкулезбен ауыратын АИТВ-теріс адамдар үшін бұл қауіп өмір бойы тек 5%-ды құрайды. АИТВ-мен ауыратын адамның иммундық жағдайы неғұрлым төмен болса, туберкулездің өкпеден тыс түрінің даму қаупі соғұрлым жоғары болады. АИТВ-мен ауыратын адамдарда туберкулездің рентгенографиясы қалыпты немесе басқа өкпе ауруларына ұқсас болуы мүмкін. Классикалық өкпе туберкулезінде қақырықта көбінесе микроскоппен көрінетін бактерия болады. «Өкпе туберкулез» диагнозы қақырықты зерттеудің қайталанған оң нәтижесімен қойылуы мүмкін.

АИТВ мен туберкулезді екі нұсқада біріктіруге болатыны белгілі:

- 1-нұсқа – АИТВ жұқтырған науқастардағы туберкулез;
- 2-нұсқа – туберкулезбен ауыратын науқас АИТВ жұқтырған кезде;
- АИТВ жұқтырған адамдарда туберкулездің жиі дамуы туберкулез микобактерияларымен бастапқы немесе қайта жұқтыруға төзімділіктің төмендеуіне (экзогендік инфекция) және ескі қалдық туберкулезден кейінгі өзгерістердің қайта жандануына және туберкулезге қарсы имунитеттің әлсіреуіне (эндогендік реактивация) байланысты болуы мүмкін.
- АИТВ-инфекциясы жылдар бойы ешқандай шағымдармен немесе клиникалық белгілермен бірге жүрмеуі мүмкін. АИТВ-инфекциясы аясында туберкулездің негізгі клиникалық көріністері: қолмен басқан кезде қозғалмайтын, төмпешікті, констент-цисы тығыз болып келетін астения, тұрақты немесе аралық қызба, ұзақ жөтел, дене салмағының айтарлықтай төмендеуі, диарея, негізінен мойын және қолтық асты, гапта сирек кездесетін лимфа түйіндерінің ұлғаюы.
- Туберкулез бен АИТВ арасындағы байланыс жасушалық деңгейде өте күрделі болып көрінеді. Бұл туберкулез инфекциясына сезімталдықты едәуір арттыратын және ұйықтап жатқан туберкулез инфекциясын қайта белсендіретін АИТВ инфекциясындағы CD4 лимфоциттерінің санының төмендеуі туралы ғана емес. Туберкулез процесінің клиникалық көріністерінің ауырлығы перифериялық қанда CD4 лимфоциттерінің саны аз болған сайын арта түседі. Мысалы, микобактериemia жиілігі CD4-лимфоциттер саны 200 В 1 мм³-тен жоғары науқастарда 4%-дан осы жа-

сушалар саны 100-ге жуық немесе 1 мм³-тен аз болған кезде 49%-ға дейін артады.

Дені сау адамдарда CD4 лимфоциттерінің саны 1 мм³ қанда 2 мыңға жетуі мүмкін, АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарда ол айтарлықтай төмендейді, бірақ егер науқастың жағдайы салыстырмалы түрде қанағаттанарлық дәрежеде болса және имундық жүйенің инфекциямен күресу қабілеті бұзылмаса, 1 мм³-те 500-ден жоғары болуы мүмкін.

CD4 лимфоциттерінің саны 1 мм³-те 200-ден аз болса, АИТВ дамуының клиникалық белгілерінің бірі. CD4 лимфоциттерінің саны – АИТВ-инфекциясының ғана емес, туберкулездің де объективті болжамды өлшем-шарты.

Полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен 1 мл плазмадағы «вирустық жүктеме»і зерттеу CD4 лимфоциттерінің санын зерттеуге қажетті қосымша ретінде АИТВ инфекциясын диагностикалау мен прогрессияның маңызды әдісі. Вирустық жүктеме кезінде 500-ден 5 мыңға дейін. РНҚ көшірмелері/мл кезінде CD4 лимфоциттерінің саны әдетте қалыпты, науқаста шағымдар жоқ, бірақ тұрақты лимфаденопатия байқалады.

Вирустық жүктеме кезінде 10-30 мың. РНҚ көшірмелері/мл кезінде CD4 лимфоциттерінің саны әлі де қалыпты болуы мүмкін және 1 мм³-те 300-ден 900-ге дейін жасуша болуы мүмкін; бір жыл ішінде аурудың өршуі болмайды, им-мунологиялық көрсеткіштер төмендемейді.

Вирустық жүктеме 30 мыңнан 100 мыңға дейін ұлғаяды.

РНҚ көшірмелері/мл кезінде CD4 лимфоциттер санының төмендейді – 1 мм³-те кемінде 200 жасуша және АИТВ-ның клиникалық көрінісі (пневмоцисттік пневмония және т. б.) анықталады. Бастапқы кезең (АИТВ-инфекциясы) – адамдар клиникалық тұрғыдан сау, белсенді өмір салтын ұстанатын және 92% жағдайда шағымданбайтын асимптоматикалық вирус тасы-малдаушы (жағдайлардың жартысынан көбі). Бұл кезең 3-5 жылға созылуы мүмкін, себебі АИТВ жұқтырған адамдарда жасушалық имунитет біртіндеп (CD4 лимфоциттерінің саны 1 мм³-те 200-ден асады, орташа есеппен 1 мм³-те 700-ден 200-ге дейін) төмендейді. АИТВ-инфекциясының бастапқы кезеңінде жасушалардың саны әлі де жеткілікті жоғары болған кезде, туберкулездің көріністері типтік болуы мүмкін және АИТВ-теріс науқастардағы клиникалық және рентгендік көріністен еш айырмашылығы жоқ.

Бұл кезеңде АИТВ-инфекциясының дамуы көбінесе өкпе туберкулезінің әдеттегі көріністері басым болады. Жоғарғы патчтық инфильтративті және сирек фокальды процестер, ыдырау жағдайларының жартысында дамиды. Сондықтан айрықша терапия тиімді болып, туберкулезді емдеуге болады.

Қандағы CD4 лимфоциттерінің саны азайған сайын (1 мм³-те 200-ге дейін) өкпенің зақымдануларымен бірге (немесе оның орнына) туберкулездің өкпеден тыс ло-

кализациясы байқалады. Бұл жағдайларда туберкулездің клиникалық симптоматикасының ерекшеліктері өкпеден тыс және таралған зақымданулардың жиілігінің жоғарылауы; туберкулинге терінің теріс реакциясы анергияның көрінісі ретінде, өкпенің рентгенограммасындағы атипті өзгерістер және кавернаның пайда болуының салыстырмалы сирек кездесуі.

Бұдан әрі иммундық жүйенің тереңірек зақымдануы пайда болған кезде (CD4 лимфоциттері 1 мм³-те 200-100-ден аз болса, бұл Т-жасушалық имунитеттің жоғалуына дейін төмендегенін көрсетеді), CD4 лимфоциттерінің мөлшерін күрт 1 мм³-те 100-ге дейін төмендетумен сипатталатын милиарды туберкулез және менингит сияқты ең ауыр, жедел прогрессивті және кең таралған процес дамиды болады.

Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастардағы ЖИТС-тың клиникасының ерекшелігі аурудың ерекше қатерлі, клиникалық ауыр ағымы, өкпедегі процестің жылдам дамуымен, басқа органдарға жалпылану үрдісімен және өліммен (4-6 айдан, сирек жағдайда 9-12 айдан кейін) аяқталады. Бұл жағдайда туберкулезге қарсы емдеу әдетте тиімсіз. Бұл туберкулез бен АИТВ арасындағы биологиялық байланыстың немесе ассоциацияның болуымен түсіндіріледі.

Туберкулезді диагностикалаудағы қиындықтар негізінен АИТВ инфекциясының, яғни СПИД-тің дамыған сатысында туындайды. Осы кезеңде туберкулездің таралған және өкпеден тыс түрлерінің басым болуы өкпе тінінің ыдырауымен болатын жағдайлардың күрт төмендеуімен бірге микроскопия мен культура кезінде қақырықта туберкулез микобактерияларын анықтайтын науқастардың санын едәуір азайтты. Алайда ЖИТС-тың осы кезеңінде барлық дерлік науқастарда микобактериemia анықталатынын ескере отырып, микроскопия және коректік ортаға қан себу кезінде қоздырғышты анықтау маңызды диагностикалық өлшемшарт.

ЖИТС сатысында туберкулезбен ауыратын науқастарда өкпеден тыс зақымданулардың жоғары жиілігін ескере отырып, диагностикада лимфа түйіндерінің, көкбауырдың, бауырдың, сүйек кемігінің және басқа органдардың биопсиялары маңызды рөлге ие. Биопсияларда пациенттердің 70%-дан астамы қышқылға төзімді микобактерияларды анықтай алады.

АИТВ жұқтырған науқастарда өкпе туберкулезінің химиотерапиясы бойынша зерттеулер оның жоғары тиімділігін растады. Атап айтқанда, АИТВ-инфекциясы бар науқастардың қақырығындағы туберкулез микобактерияларының жойылуы АИТВ-теріс пациенттерде жиі болды. Алайда бұл ретте өкпедегі ыдырау қуыстарының жабылу жиілігі, туберкулез процесінің кейінгі қайталануының жиілігі мен даму мерзімдері зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Антибиотикалық терапияның негізгі принциптеріне мыналар жатады:

1. Ұзақтығы – туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеу тіпті кішкентай формаларда да кемінде 6 айға созылады.
2. Үйлестіру – бірнеше препаратты үйлестіріп емдеу.
3. Үздіксіздік – емдеу курсын үзуге болмайды.
4. Туберкулезге қарсы препараттарды науқастың

жасына, дене салмағына сәйкес оңтайлы дозада қабылдау.

5. Микобактериялардың дәріге төзімділігін ескеру.

6. Даралау – қатар жүретін ауруларды, дәрі-дәрмектерге жеке төзімділікті, стандартты терапияның әсерін және т. б. ескеру.

7. Стационарлық және амбулаториялық-санаторлық кезеңдер арасындағы емдеудегі сабақтастық.

8. Бақылау – туберкулезбен ауыратын науқастардың көпшілігі емделмеген туберкулездің салдарын дұрыс бағаламай, қоғамға жат мінез-құлықпен ерекшеленеді. АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратын науқастарда өкпе туберкулезінің химиотерапиясы туберкулез микобактерияларының дәрілік төзімділігі деректеріне сәйкес жеке режим бойынша жүргізіледі және микробиологиялық зерттеулердің сапасын орталықтандырылған бақылау жүргізілетін және канамицин (амикацин), протионамид (этионамид), фторхинолондар, циклосерин, капреомицин, ПАСК, рифабутин (микобутин) сияқты резервтік туберкулезге қарсы препараттардың қажетті жиынтығы бар туберкулезге қарсы мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылуы тиіс.

Емдеудің қарқынды кезеңі 6 айдан басталады, оның барысында кемінде 5 химиотерапия пиразинамид, этамбутол, фторихинолон, канамицин, (амикацин/капреомицин), протионамид тағайындалады. Этамбутолга, пиразинамидке және/немесе басқа препаратқа төзімділікпен капреомицинге, циклосеринге немесе ПАСК-ке ауыстыруға болады.

АИТВ жұқтырған адамдарда туберкулездің химио-профилактикасының көрсеткіштері, әдістері мен тиімділігі туралы сұрақтарда ДДҰ 6 ай ішінде күніне бір рет 0,3 г изониазидті тағайындауды химио-профилактиканың ең қолайлы әдісі деп санайды. Оны мұқият жүргізген кезде АИТВ жұқтырғандар арасында туберкулезбен сырқаттанушылық 3 есеге азаяды. Сондай-ақ антибактериалды әсердің кең спектрі бар рифамицинді (төзілігіне 0,6 г) қолдануға болады. Туберкулезге қарсы және антиретровирустық препараттармен біріктірілген химио-профилактика перспективалы болып көрінеді.

Қос инфекциясы бар науқастар АИТВ орталығында және туберкулез қызметінде уақытты тексеру және емдеу тактикасын анықтау үшін бір мезгілде байқалады.

АИТВ-мен ауыратын адамдарда туберкулезді емдеудегі негізгі дилеммалардың бірі: алдымен туберкулезді емдеп, содан кейін антиретровирустық терапияны тағайындау керек пе немесе екі инфекцияның бір мезгілде емдеуді бастау керек пе. АИТВ мен туберкулезді бір мезгілде емдеуге болады, бірақ бұл жанама әсерлердің жоғарылау қаупімен және кейбір препараттар бір-бірімен үйлеспеуімен байланысты болуы мүмкін.

Кейбір адамдар антиретровирустық терапиямен иммундық қабыну синдромын дамытады. Бұл иммундық жүйені қалпына келтірген кезде туберкулез симптомдарының нашарлауы парадоксальды түрде жүреді дегенді білдіреді. Аталған синдром емделген немесе белсенді, бірақ симптомсыз туберкулезбен ауыратын адамдарда кезде-

седі, оларда антиретровирустық терапия вирустық жүктеменің өте тез төмендеуіне және иммундық статустың өсуіне әкеледі. Иммундық жүйені қалпына келтіру нәтижесінде иммундық жасушалар бактерия жасырылған жерлерге шабуыл жасай бастайды. Бұл құбылыстың белгілеріне қызба, жөтел, тыныс алудың қиындауы, лимфа түйіндерінің ұлғаюы немесе рентгендік туберкулез белгілерінің нашарлауы жатады. Синдром 50 жасуша/мл-ден төмен иммундық жағдайы өте төмен терапияны бастайтын адамдарға тән. Белгілері антиретровирустық терапияның алғашқы екі айында басталуы мүмкін.

Дәрігерлердің басым көпшілігі белгісі болса, бірақ олар өмірге қауіп төндірмесе, антиретровирустық терапияны жалғастыру керек деп санайды. Пациенттер туберкулезге қарсы препараттарды, тіпті туберкулезге теріс дақылдар болған кезде де қабылдауы тиіс. «Кортикостероидтармен емдеу» синдромның көріністерін азайтуы мүмкін деген жеке дәлелдер де бар.

АИТВ инфекциясы бар пациенттерде аурудың жоғары қаупі бар туберкулезді уақытты диагностикалау үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1. АИТВ-инфекциясы бар барлық жаңадан анықталған науқастарға міндетті түрде фтизиатр дәрігер кеңес береді, туберкулез ауруының жоғары қаупіне қатысты егжей-тегжейлі анамнезді атап өтіп, пациентке туберкулез және оның алдын алу шаралары туралы хабарлайды және клиникалық көріністер (жөтел) пайда болған кезде дереу фтизиатрдан кеңес алу ұсынылады.

2. Есепке алу кезінде және одан әрі жылына 1-2 рет (туберкулезбен ауыру қаупінің дәрежесіне байланысты) кеуде органдарының рентгенографиясын (рентген мұрағаты) жүргізеді.

Қақырықты бөлетін адамдарда оны МВТ-ға зерттеу жүргізіледі. Өкпеден тыс туберкулездің клиникалық және зертханалық көріністері пайда болған жағдайда бөлінетін зерттеу немесе басқа зерттеу әдістеріне сәйкес келетін бак. зерттеу жүргізіледі.

Жалпы жағдайының нашарлауымен ауруханаға жатқызылған туберкулез ауруының қауіп тобындағы АИТВ инфекциясымен ауыратын барлық науқастарды міндетті түрде фтизиатр тексереді.

АИТВ-инфекциясы бар науқастарда туберкулезді емдеуді ұйымдастырудың негізгі принциптері келесі бағыттар бойынша бөлінеді:

– АИТВ-инфекциясы бар науқастарда туберкулезді бақыланатын емдеуді ұйымдастыру.

– АИТВ-инфекциясы бар науқастарда туберкулез диагнозын фтизиатриялық ЦВКК (орталық дәрігерлік бақылау комиссиясы) растау.

– ҚР ДСМ бекіткен туберкулез терапиясының стандартты режимдеріне сәйкес АИТВ-инфекциясы бар науқастарда туберкулезді емдеу, бірақ АИТВ – инфекциясы бар науқастарда осы патологияны емдеу ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Химиотерапия процесінде медициналық персонал науқастардың туберкулезге қарсы және антиретровирустық препараттарды қабылдауын бақылауды жүзеге асырады.

– туберкулезді емдеудің негізгі курсы аяқталғаннан кейін аурудың қайталануын болдырмау мақсатында АИТВ-инфекциясы бойынша маманданған фтизиатрдың данасерлік бақылауы жалғасады.

– АИТВ-инфекциясымен біріктірілген туберкулезбен ауыратын науқастарды психологиялық және әлеуметтік бейімдеу жүйесін құру.

– АИТВ ауамқтық орталығын психотерапевтпен науқастарға, олардың туыстарына немесе жақындарына жоспарлы және дағдарыстық кеңес беру.

Г.С.НҮРҒОЖИНА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК инфекционист дәрігері

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№79 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» ШЖҚ МКК-дағы АУДИТОРЛЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-мен Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК-да 2025 жылға бекітілген тізбесі негізінде аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Аудиторлық іс-шара нәтижелері бойынша жалпы сомасы 9 267 000 теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның 3 634 400 теңгесі бюджетке өтелуге (аударуға), 4 612 500 теңге кәсіпорын кірісіне қалпына келтіруге, 81 500 теңге шығынды есепке алу жолымен қалпына келтіруге жатады және 16 052 400 теңге рәсімдік бұзушылықтар болып табылады.

Ішкі мемлекеттік аудит барысында 894 000 теңгені бюджетке өтеу шаралары қабылданып, 44 600 теңгені есепке алу арқылы қалпына келтірілді.

Департаментпен аудиторлық іс-шараның объектісіне анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұйғарым жіберілді.

СТИГМА МЕН КЕМСІТУШІЛІК

Стигма («таңба», «стигма» мағынасына ие) – адамға немесе адамдар тобына жағымсыз әлеуметтік рөлді енгізу процесі. Бұл басқалардың адамға немесе топқа деген көзқарасын айтарлықтай өзгертетін және өзіне деген көзқарасқа әсер ететін өте күшті әлеуметтік «белгі».

«Стигматизация» сөзі әлеуметтік белгілерді белгілеуді білдіруі мүмкін. Кемсітушілік құқықтарға тікелей нұқсан келтіруден көрінеді, бұл кейбір азаматтарды басқалармен салыстырғанда нашар жағдайға қалдырады.

Стигма мен кемсітушілік өртүрлі жағдайларда: денсаулық сақтау жүйесінде, отбасында, түрмеде, жұмыста, құқықтық институттарда (сот, заң шығарушы), білім беру жүйесінде, ақпарат құралдарында, сақтандыру/әлеуметтік жәрдем-ақы алу кезінде, некеде, қолданыстағы заңдарды басқалармен салыстырғанда нашар жағдайға қалдырады.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

және басқа да халықтың негізгі топтары өзін-өзі бағалаудың төмендігін, өзіне деген сенімділіктің жеткіліксіздігін және жалғыздықтан зардап шегеді; олар өздерінің дәрменсіздігін сезінеді және қолдау қызметтерін алыс болуына алаңдайды.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс. Стигма мен өмір сүретін адамдар стигма мен кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

НҰРҒИСА, «ҚҰСТАР ӘНІ»...



2-4 сәуір күндері Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы көрнекті күйші-композитор, дирижер, Халық қаһарманы, КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Құстар әні» атты республикалық фестивалін өткізеді.

Фестивальдің мақсаты – ұлы композитордың бай мұрасын дәріптеу, оның шығармашылығын бүгінгі және болашақ ұрпаққа насихаттау, ұлттық музыка өнерін дамытуға үлес қосу, қазақ музыкасына тағзым көрсету, ұлттық өнерімізді ұлықтау. 2 сәуір күні фестиваль аясында дөңгелек үстел отырысы, «Қызыл кілем» салтанаты, және фестивальдің ашылуы өтеді. 3 сәуірде өңірлердегі

филармония ұжымдарының концерті, ал 4 сәуірде фестивальдің жабылу салтанаты ұйымдастырылады.

«Ұлы композитордың мәңгілік мұрасы – қазақ музыкасының алтын қазынасы. Оның күмбірлі сазы дархан даланың рухын тербеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Бұл іс-шара – сол асыл мұраны дәріптеп, ұлттық өнеріміздің мерейін үстем ететін ерекше рухани кеш» дейді ұйымдастырушылар.

ӨНЕР ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІН ЖАҢҒЫРТТЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы «Біздің жәрмеңке» атты ұлттық өнер мерекесін ұсынды.



«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы Қоянды, Көкжар, Қараөткел сынды тағылымы мол тарихи жәрмеңкелерді жаңғыртып, дәстүрлі өнердің барлық тұсын қамтыған жаңа форматтағы думанды кешті көрсетті. Қазақтың ұлттық өнері, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы дәріптеліп, насихатталды, бұрын-соңды орындалмаған 30-ға жуық халық әні мен халық композиторларының туындылары, жаңа хореографиялық нөмірлер көрсетілді, қазақтың дәстүрлі ән өнері мен заманауи элементтердің бірегей синтезі

және этнографиялық-шоу концерт қамтылған. Өнер мерекесі екі күн бойы әртүрлі форматта ұйымдастырылып, жаңашыл этно-фьюжн бағыттағы шығармалар көрермендер назарына ұсынылды.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жанғали Жүзбай, Құмарбек Қалқатай, Айгүл Елшібаева, Раушан Оразбай, Ардақ Балажанова, Клара Төленбаева, Медет Салық, Айзат Қарабекова, Елмұра Жаңаберген, Нұрболат Арзамасұлы, Мәдениет қайраткерлері Толғанбай

Сембаев, Ерболат Шалдыбеков, мәдениет саласының үздігі Еділ Басығара, Перизат Тұрарова, Мақсат Медеубек, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Ардақ Елеусіз, Күнсұлу Түрікпен, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Дінісламбек Жайлаубай, Қайрат Айтбаев, Аяулым Қамажан, Венера Табыс, Тоғжан Үмбет, Айдос Саниязбекұлы, Ақерке Тәжібаева, Бауыржан Мұхаметбай, Жанту Дадабаев, Нұрбану Жүртекина, Дария Бекпенбетова өнер көрсетті.

ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада III республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауының қорытындысы өтті.

Биыл үшінші рет ұйымдастырылған байқауға еліміздің барлық аумағынан 2000-ға жуық үміткер қатысып, 17 облыстан және Астана мен Алматы қалаларынан 18 кітапхана атсалысты. Байқаудың облысаралық кезеңінде топ жарып, үздік деп танылған 18 оқушы елордада өзара бақ сынасты. Жеңімпаздарды «Шәкәрім оқулары» республикалық байқауының демеушісі, кәсіпкер, «Адал ас» корпорациясының президенті Ермек Мезібаев бастаған тәуелсіз сарапшы-әдебиеттанушы қазылар алқасы анықтады. Байқау қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққан Батыс Қазақстан облысы Орал қаласынан келген 8-сынып оқушысы

Нұрайым Азаматқызы бас жүлдеге ие болды. I орынды Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының 5-сынып оқушысы Мүслима Әбілқайырқызы иеленді. II орын Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының 5-сынып оқушысы Бақдәулет Мақсатұлына бұйырды. Ал астаналық 7-сынып оқушысы Мұратбек Нұрқайыр жүлделі III орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға демеушілер есебінен бағалы сыйлықтар берілсе, жетекшілері арнайы алғыс хатпен марапатталды. Қалған қатысушыларға алғыс хат табыс етілді. Кітапхананың серіктесі «Фолиант» баспасы байқауға қолдау білдіріп, қатысушыларға кітаптар сыйға тартты.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ҚАНДАЙ?

Бас қаладағы Ұлттық академиялық кітапханада жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығына арналған «Қазіргі заманның прозасы» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.



Қаламгердің мерейжасына орай ұйымдастырылған іс-шара барысында Мемлекеттік кеңесші Елран Қариннің, Мәдениет және Ақпарат министрі Аида Балаеваның, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Күлкеновтің құттықтау хаттары оқылды. Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің жылы лебізін «Руханият» мекемесінің директоры Арман Шеризат жеткізді.

Кештің құрметті қонақтары жазушы туралы, оның шығармашылық жетістіктері жайлы пікірін айтты. Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов «Айгүл Кемелбаеваның романдары, повестері, әңгімелері әдебиеттануға, мифологияға, философияға, халықтық символикаға қатысты өте терең» деп баға берсе, жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Толымбек Әбдіра-

йым «Айгүл Кемелбаева есімі «Жалын» журналының жабық бәйгесінде жарқ ете қалған болатын. Айгүл Мәскеуде оқығанда мүйізі қарағайдай тұлғалардан дәріс алып, шет ел әдебиетімен сусындаған еді. Қазір елімізге танымал жазушы. «Шолпанның күнәсі» киносценарийі ғажап! Ойлары тұжырымды. Бұл сценарий авторының да үлесі» деп тілегін білдірді. Ақын Сұраған Рахметұлы жазушының «Рағид» әңгімесінің ерекшелігіне тоқталса, белгілі сыншы Амангелді Кеңшілік Айгүл Кемелбаева прозасының ерекшелігі ешкімге ұқсамайтынын, өзінің жаңа дәстүрімен келген жазушы екенін айтып өтті.

Іс-шараны жүргізген ақын, Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы жазушыны мерейтойымен құттықтады. Белгілі жыршы Елмұра Мәдиқызы мен Айшагүл Манас өннен шашу шашты.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



ҚАЛАМДЫ СЕРІК ЕТКЕН

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Есіл аудандық филиалында қаламды серік еткен ардагерлермен «Өмір кемесі» атты кездесу өтті.

Кездесуге шығармашылықтан қол үзбеген орталықтың зейнеткер-қаламгерлері қатысты. Атап айтқанда, еңбек ардагері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Күләш Шүренова, поэзияны жанына серік еткен, «Дух казаха», «Зрелый возраст», «Великая душа», «Достық туралы», «О хиджабе», «Об интернете»,

т. б. өлең жинақтарының авторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мира Бердигалиева және «Менің магниттік кеңістігім» кітабының авторы, биоэнерготерапевт, КИНЭС қазақстандық рекордтар кітабына кірген Қарлығаш Нығметова келіп, өмір жолдары туралы өнегелі әңгіме айтты.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 36

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

☎ Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

✉ aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ